



**Аты-жөні:** *Акказиева Айдана Жалғасқызы*

**Туған жылы:** *13.04.2001ж.*

**Жасы:** *15*

**Мекен-жайы:** *Хромтау қаласы, Абай даңғылы,*

*12-27*

**Мектебі:** *№6 Хромтау гимназиясы*

**Ұлты:** *қазақ*

**Қызығушылығы:** *поэзия жатқа оқу*

Ұстаздыққа жүрегімді беремін...

Оқушы жастардың ең сенімді  
ұстазы, сыр жасырмай ашық айтатын  
адамы – мұғалім.

Ғабит Мүсірепов

Ұстаз – әрбір шәкірттің бірден-бір кеңесшісі мен досы, тәрбиешісі, еліміздегі болашақ ұрпақтың сәулеткері. Баланың дара тұлға болып қалыптасуына ата-анасынан басқа, мұғалімнің қосар үлесі зор екені сөзсіз. Кіршіксіз таза сезімді жас буынды мұратына жетелейтін де, білімнің қия шыңына көтеретін де ұстаз емес пе? Ұстаздыққа өмірін арнаған адам қашан да халық арасында үлкен сый-құрметке ие болған. Әрине бұл түсінікті де. Ойы далада жүрген еренсіз балаға білім мен тәлім-тәрбие беру, бағыт-бағдар көрсетіп, бойына асыл қасиеттерді дарыту жеңіл істердің бірі емес. Бұған адамның пейілі болмаса, одан лайықты ұстаз шықпас деймін. Мұғалім оқушылардың ішкі жан дүниесін түсіне отырып, әрбіріне жеке амалын таба білген екінші анамыз іспеттес. Мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап басалқы айтып, сана-сезімі мен өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастыруға көмектесетін біздің аяулы ұстаздарымыз ғой. Сондықтан да жасөспірімнің балалық шақпен қоштасар кезінде, өмірге қандай тұлға болып аттанары да ұстазға байланысты деген ойдамын.

"Сүйікті ұстаз" дегенді естісем, еріксіз жылы ойларға шомып, көз алдыма жылы жүзді күлімсіреген бейнесі келеді. Бұл айтқалы отырған сүйікті ұстазым математика пәнінің оқытушысы – Есжанова Гүлжазира Базарғалиқызы.

Ең алғаш сабағымыздың кезінде өзін таныстырып жатқаны әлі есімде... Орта бойлы, қара торы келген, өзі ақкөңіл, жаны жайсаң, байсалды. Сол кезде-ақ бойынан ерекше сабырлық байқадым, кей кезде қаталдығы сезілсе де, тез басылады. Әлде оқытатыны жүрегіме жақын болғасын ба, әйтеуір, әлі күнге дейін ол мен үшін мейірімділік пен ерен іскерлікті тең ала жүрген өз ісінің шебері болып қала береді. Өн бойынан өз жұмысына деген сүйіспеншілік пен оқытуға деген ықыласының лебі еседі. Жүзінен шуақ, әр сөзінен мейірім төгіліп тұратын, әрдайым кеңес беруге дайын, шәкірттеріне күш-жігерін аямай, оқушылармен тез тіл табыса кететін ізгі жан. Ұстазымның сабақ үстінде, тіпті сабақтан тыс уақытта да дауыс көтергені де есімде жоқ, ал сабақ түсіндірген кезінде барлығы түгел

кұлақ тігіп, шын ниетімен тақырыпты меңгеруге тырысады. Бұның өзі де балаларға деген сүйіспеншілік пен жауапкершіліктің дәлелі деп білемін. Бірімізде қиыншылықтар болса, енжарлық көрсеткені болмайды, керісінше, көмектесуге бар күшін салады. Түрлі олимпиадалар мен жобаларға қатысқанымда ұзақ уақыт бойы кітаптар арасында отырып есеп шығаратынбыз. Қауқары кетсе де, әр тақырыпты толық меңгермегенше, қасымда отырып түсіндіруден жалықпайтын. Осындай жеке дайындықтарды күнделікті сабақтармен қатар жүргізіп, күні-түні жұмысымен ғана айналысса да, ешқашан жұмысына шағынғанын көрген емеспін. Не себепті бұл мамандықты таңдадыңыз дегенімде, -“мектеп кезінде оқып жүргенде математика пәніне қызығушылығым артып, есепке жүйрік болғанмын, басқа пәндерден гөрі жаныма жақыны осы еді, сол кезде болашақта математика пәнінің мұғалімі болуды шешкенмін”, - деп жауап берген еді. Кей кездері «бәлкім, туа біткен ұстаз дегені осы шығар» деген ойлар келеді.

Мен үшін күптігей сәттерде Гүлжазира апайымның “Уайымдама, өз-өзіңе сенімді болып, ойынды қорғай біл!”, - дегендері күш-жігер беріп, жүрегіме сенім ұялатады. Әрине, жанымызда осындай мұғалімнің бар болғаны кез-келген шәкіртінің жігерін шыңдап, абыройлы іске жетелейтіні сөзсіз.

Сүйікті ұстазымның тағы бір ерекшелігі оның салмақты, байсалды болғанымен әзіл-оспақты түсіне білуінде, әңгіме кезінде де, сабақ барысында да еркіндік сезіледі, пікірінді ашық айтуға жасқанбайсың. Дайындыққа шақырарда “Сен маған олимпиадада жүлделі орынды қарыздар екеніңді ұмытпадың ба? » деп әзілдейтіні бар. Мен де математика сабағында өзімді ерекше жайлы сезініп, сабақ басталуын асыға күтемін.

Қандай оқушы болмасын, оған «математикаға қабілетің мүлдем жоқ, тіпті оп-оңай есепті де шығара алмайсың ғой», деп қатесін бетіне басқаны жоқ, қайта жай ғана «бойындағы жалқаулығың болмаса, керемет математик болып шығар едің» деп қолдау көрсетуді жөн көреді. Қажетті нұсқауларын бергеннен кейін, сыныптастарымның ықыласы оянып, берілген есепке бар ыждаһатын салады.

Гүлжазира Базарғалиқызы педагогикалық қызметпен айналысқанына ұзақ уақыт болса да, кей жағдайда бойынан әлі де оқушы сипатын аңғарып қаламын. Ол әрдайым жаңашылдыққа жаны жақын ұстаз екенін оқушыларымен жұмыстану барысында байқалып отырады. Оқушыларға мектеп курсындағы тақырыптарды түсіндірумен шектелмейді, қосымша мәлімет беруге тырысады. Бұл балалардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Орыс жазушысы мен ойшылы Л.Н.Толстой айтқан болатын: “Егер мұғалім өн бойына, өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса, ол нағыз ұстаз.” Олай болса, мен де өзімнің жас жүрегімде нық орын алған сүйікті ұстазымды нағыз ұстаз деп атар едім. Өйткені бұндай жауапты, әрі шыдамдылық пен мейірімділікті қажет ететін іс кездейсоқ адамның қолынан келе бермейді. Ұстаз мейірімі мен маңыздылығы туралы әлі көптен-көп ой өрбітуге болады. Бізге жылдар бойы дәріс беріп тер төккен ардақты ұстазымның орны мен үшін қашан да ерекше болып қала береді.